

Жаңаөзен қаласының Теңге кентін "ауыл" санатына жатқызу туралы

Маңғыстау облысының мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/30 шешімі және Маңғыстау облысының әкімдігінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 448 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 14 қаңтарда N 1996 тіркелді

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 27.02.2014 № 40 қаулысымен және Маңғыстау облыстық мәслихатының 27.02.2014 № 15/235 шешімімен.

Жаңаөзен қалалық мәслихаты мен Жаңаөзен қаласы әкімдігінің Жаңаөзен қаласының Теңге кентін "ауыл (село)" санатына жатқызу туралы ұсынысын қарай отырып, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Жаңаөзен қаласының Теңге кенті "ауыл" санатына жатқызылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 27.02.2014 № 40 қаулысымен және Маңғыстау облыстық мәслихатының 27.02.2014 № 15/235 ш е ш і м і м е н .

2. Осы шешім мен қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі

мәслихат хатшысы

Р. Исаев

К. Кушербаев

Б. Чельпеков

О б л ы с т ы қ